

- білім алушыларға ғалымның тілдік мұрасына қатысты курс, диплом жұмыстарын қорғау;

- жеке кітапханасындағы әлі де жарияланбаған қолжазбаларын жинақтап, сондай-ақ тіл білімінің өзекті мәселесіне арнаған мақалаларын топтастырып, жеке кітап, яғни жинақ етіп шығарса, студенттердің қажетті материалын әр жылдары жарық көрген конференция, журнал жинақтарынан емес, бір жерден оңай тауып алуына қолайлы болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Дәуір, 2003. – 242 б.
2. Пірімбетов Т.Т. Қазақ тілінің сөйлеу тілі элементтері (қарапайым сөздер). Монография. – Қарағанды: Қарму баспасы, 2011. – 156 б.
3. Пірімбетов Т.Т., Мажитаева Ш., Ахметова А. Қазақ тіліндегі шылау сөз табының тілдік ерекшеліктері //Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетеу мемлекеттік университеті «Хабаршысы», «Филология» сериясы, №1, 2016. – Б. 103-108.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

Баймұрынов Жанболат Мақсатұлы
«Bolashaq» академиясының доценті, ф.ғ.к.
Тұралықова Әсемгүл Теңдікқызы
«№53 МЛ» КММ мұғалімі

«ДА» ШЫЛАУЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (Т.Пірімбетов мақаласы негізінде)

Грамматика жөніндегі түйткілді кей мәселенің жекелеген автордың дербес зерттеуінде көтеріліп, тіпті шешімі көрсетіліп жататыны бар. Осындай мәселенің бірі – **да** шылауының грамматикалық қызметі.

Бір қарағанда, әлдеқашан зерттелген, грамматикалық қызметі айқындалған десек те, грамматика теориясында бір қалыпқа сыймайтын, белгілі бір орныққан жүйе арқылы түсіндіруге келмейтін жағдайлары кездесіп жатады. Мұның өзі, түптеп келгенде, қазақ тіл білімі грамматикасының нормативті деңгейде әлі де орнығып болмағанын аңғартса керек.

Аталған шылаудың әдетте әрі жалғаулық, әрі демеулік қызметінде жұмсалатыны мәлім. Дегенмен қандай жағдайда жалғаулық не демеулік болатыны жөнінде шекарасын нақтылай сипаттайтын пікір аз. Мұның себебі, біздіңше, осы **да** шылауының тіл дамуындағы қалыптасу тарихымен байланысты.

Тіліміздегі кей шылаудың етістіктен адвербиалдану арқылы үстеуге, онан конъюнктивтену арқылы шылауға айналғаны белгілі. Осындай шылаулар қатарында **және**, **тағы** тұлғалары бар. Қараңыз:

Жан (*етістік*) → және (*үстеу*) → және (*демеулік*) → және (*жалғаулық*).

Тақ (*етістік*) → тағы (*үстеу*) → тағы (*демеулік*) → та (*демеулік*) → та (*жалғаулық*).

Дамудың осы эволюциясына сүйенсек, қазіргі кей шылаудың жалғаулықтық қызметі демеуліктен басталады. Бұл жөнінде этимологиялық және тарихи грамматика зерттеулерінің нәтижесінен аян болып отыр. Осы орайда, жоғарыдағы сызбадан байқап отырғанымыздай, **та** шылауының **тағы** сөзінен қалыптасқаны жайлы да пікір бар: «*Тағы* сөзімен *де* демеулігінің бірдей қызметте жұмсалғанын тілдік деректер дәлелдей түсетіндей. Салыстыр.: *Ул (ит) тақы бірла кірді* (ол ит те бірге кірді)» [1; 307].

Қалай дегенде де, **да** шылауының әрі демеулік, әрі жалғаулық болуы, қазіргі грамматика теорияларында кейде ара-жігінің айқындалмай кетуі бұл тұлғаның ортақ генезистен қалыптасқанына күмән келтірмейді.

Қазіргі тіл білімі мұндай екіұшты мәселенің жігін айқындауды талап етеді. Рас, бұл бағытта арнайы жүргізілген зерттеу баршылық. Соның бірі де бірегейі – профессор Р.Әміров еңбегі. Ғалым **бірақ та, және де, сондықтан да** дегендерді күрделі жалғаулық деп қарау мүмкін емес екенін, мұндағы **да, де, та, те** тұлғаларының демеулік екенін ескерте келіп: «Ол – жалғаулықтарға күшейткіш мағына қосу үшін тіркесіп тұр», – дейді [2; 33]. Автордың пікірінше, «**бірақ та, сондықтан да** дегендегі **да, де** – жалғаулықтардың құрамына кіретін элемент емес... Олар – қасына күшейткіш демеулікті ерткен дара жалғаулықтардың өзі [2; 33].

Қазақ грамматикасында жалғаулық қызметіндегі **да** шылауының бірыңғай мүшелер мен жай сөйлемдерді байланыстырғанда қайталанып-қайталанбай жұмсалыуына айрықша мән беріледі. Алайда синтаксистік бір конструкцияда қаталану-қайталанбауы оның шылау ретіндегі қызметін нақтылауда, онда да демеулік не жалғаулық екенін анықтауда критерий болатыны назардан тыс қалып жатады. Сөйтіп, көбіне жалғаулық деп біржақты қарау қалыптасқан. Мәселен, аталған ғалым бірыңғай мүшелердің әрбірінен соң жұмсалатын **да** тұлғасын зат пен сынды санамалап көрсететін жалғаулық деп таниды, қараңыз: *Екі жылдан асқан соғыс кейістілігі ұмытылып, әр солдат майданға жаңа келе жатқандай қызу да, сергек те* (Ғ.М.). *Кешелі-бүгінді тірелген жаңалары болмаса, өзгесі мұң басқандай өңсіз де, көңілсіз де, жүдеу тұр* (Ғ.М.). *Оның айтуынша, Нұржан – балуан да, әнші де, домбырашы да, шешен де, ақын да адам* (С.М.) [2; 42].

1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасында» да дәл осы сөйлемдер беріліп, **да** тұлғасының жалғаулық екені көрсетілген [3; 237]. Жалпы, демеулік пен жалғаулық және олардың қызметін саралау жайлы ұстаным тұрғысынан осы басылым мен Р.Әміров еңбегінде айтарлықтай айырмашылық жоқ.

Р.Әміров *Ақмоншақ та жайдары жүзбен амандасқан* (М.И.) деген сөйлемдегі **та** тұлғасын да жалғаулық деп танып, оның (жалғаулықтың) үнемі қайталана бермейтініне назар аудартады. Және мұндайда **да** жалғаулығының «сөйлем мүшесінің мұнда аталмаған басқа бір сөзбен ыңғайлас екендігін білдіретінін» айтады [2; 42].

Ғалымның осындай конструкциядағы **да** шылауы тіркескен сөздің басқа сөйлемдегі сөзбен байланыста тұратыны жайлы пікірін құптаймыз, бұл – функционалды грамматиканың заңдылығы, яғни қатысым грамматикасының көрінісі. Алайда **да** тұлғасының дәл осы сөйлемде жалғаулық емес екенін де айтуымыз керек. Бұл жөнінде Т.Пірімбетов «Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні» мақаласында: «*Сен де бір кірпіш дүниеге* дегенде «де» көмекшісі «сен» сөзіне ерекше көңіл аударып, басқа емес, не тыңдап, не оқып отырған адам екенін арнайы көрсетіп тұр. *Сабақ деген мектепте ғана емес, өмірде де бар* деген сөйлемде «де» көмекшісі «өмір» сөзіне ерекше көңіл аударып, соның мәнін күшейтіп тұр. Тек «өмірде бар» десек, ешқандай әсер алмас ек. Ал «де» сөзін қосып айтқанда, ерекше сезім, көңіл-күйімен байланысты айтылады.

Сондықтан «**да, де**» көмекшісін осындай көңіл-күйімен байланысты болып келгенде күшейткіш демеулік деп танығанымыз жөн», – дейді [4; 14].

Біздіңше, Т.Пірімбетовтің жеке сөзге тіркескен **да** тұлғасын демеулік деп тануы – бұл тұлғаның грамматикалық қызметі жөнінде кейінгі зерттеу нәтижелерін ескергеннен шығарылған оң тұжырым. Мұнда да (*Сен де*) **де** тұлғасы тіркескен есімдіктің басқа бір бастауышпен байланыста тұрғаны айқын, ал екінші мысалдағы мекен пысықтауыштың (*өмірде*) *мектепте* пысықтауышымен коммуникативтік байланысы бір сөйлем құрылысында көрініп тұр. Демек, **да** тұлғасының мұндай сипатына бола жалғаулық деп тануға келмейді.

Дәл осы конструкциядағы **де** тұлғасының демеулік екені С.Исаев еңбегінен де белгілі: «*Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан* (А.). Бұл сөйлемде *де* шылауы – демеулік, ол *сен* сөзіне күшейту мәнін үстеп тұр, бірақ оны басқа сөзбен байланыстырып тұрған жоқ. Ал *та* шылауы – жалғаулық, ол *тап* және *бар* деген бірыңғай баяндауыштарды ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр [5; 126].

Байқап отырғанымыздай, ғалым, біріншіден, мұндағы *де* тұлғасының *сен* сөзін басқа сөзбен байланыстырып тұрмағанын (берілген сөйлем құрылысында), сондықтан демеулік болатынын ескертеді. Яғни автор сөйлемнің имплициттілік мәнін ескермейді, алайда бұл тұлғаның жалғаулық не демеулік екенін анықтауда оның (имплициттілік мәннің) қажеті де шамалы. Екіншіден, баяндауыш қызметіндегі бірыңғай етістік арасын байланыстырған *та* тұлғасының жалғаулық екенін нанымды көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, *да* тұлғасының демеулік әрі жалғаулық қызметін бір сөйлем арқылы ұтымды дәлелдеген.

Бір жағынан, С.Исаев *да* тұлғасының демеулік не жалғаулық екенін сипаттауда нақты бір сөйлем шегіндегі сөздерді байланыстыру-байланыстырмауын басшылыққа алған. Ғалым меңзеген логикаға қарағанда, *да* тұлғасы *сен де, мен де* тәрізді мысалда жалғаулық болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, *да* тұлғасының демеулік не жалғаулық қызметінің ара-жігі мұнда да бұлыңғыр қалпы қалып отыр.

Осы тұста Т.Пірімбетовтің мына бір пікіріне ден қоймасқа болмайды: «Жалғаулықтардың демеулікке қарағанда тағы бір ерекшелігі бар. Ол көп ретте ешбір сөзге тіркеспейді, дербес тұрады да, сөздерді не сөйлемдерді саралап көрсетеді немесе сөйлемнің бірыңғай мүшелерін байланыстырғанда екеуіне де қатысты болып келеді. Мысалы: *Ендеше не ер бол да ақта! Немесе илан да жазала!* Ал демеулікте өзінен бұрынғы сөздермен тіркесіп келіп, сол тіркескен сөзінің ішкі мағынасына ортақтасады да, кейбір жағдайларда сол сөздің грамматикалық мағынасын түрлендіріп, онымен тұтасып та кетеді [4; 15].

Осындағы жалғаулық *да* тұлғасының «ешбір сөзге тіркеспейтіні», бірыңғай мүшелердің «екеуіне қатысты болатыны», ал демеулік *да* тұлғасының алдындағы «сөзбен тіркесіп жұмсалатыны» – бұл тұлғаның демеулік не жалғаулық екенін ажыратудағы ең басты критерий.

Бұл келтірілгендерден шығатын түйін мынадай: «бірыңғай мүшелердің әрқайсысының жетегінде болып, оларға күшейту, анықтау, тәптіштеу мағыналарын үстемелеп отыру» – демеулік шылаудың сипаты да, «өзара бір-бірімен байланысатын, ыңғайласатын екі сөздің немесе сөз тіркестерінің, сондай-ақ салалас я сабақтас құрмаластардың құрамдарындағы жеке сөйлемдердің байланысуына, жалғасуына дәнекер болып қызмет ету» – жалғаулық шылаудың сипаты [6; 366-367].

Т.Пірімбетов мақаласында бірыңғай мүшелер арасын байланыстыратын *да* жалғаулығының қайталанып жұмсалмайтыны, нақты айтқанда, жалғаулықтарды сипаттағанда қайталанып жұмсалатын *да* тұлғасына бірде-бір мысал келтірмеуі бұл шылаудың грамматика теорияларында ажыратылмай жүрген басты проблемасына қойылуы тиіс нүкте болуы қажет.

«Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері» әдістемелік еңбек авторы М.Шаяхметова: «Бірыңғай мүшелерді қайталанып келетін жалғаулықтар арқылы байланыстырудың стильдік мәні бар. Осы арқылы ақын-жазушылар айтайын деген ойына байланысты экспрессивтік рең беру үшін белгілі бір зат, құбылысты, іс-әрекетті түрлі жағынан нақтылап оларға ерекше мән беріп, саралап отырады», – дей келіп мынадай мысалдар ұсынады: *Ашу да, айбар да, күш те қалмаған* (Ғ.Мүсірепов). *Инженер де, мұғалім де, еңбегі асқан екпінді де осы үйден табылады* (М.Иманжанов) [7; 17]. Алайда мұндағы *да* тұлғасы – түгелдей демеулік.

Аталған автор да «бұл жалғаулықтың бірыңғайлардың ортасында ғана тұрмай, әр бірыңғайдан кейін қайталанып келетінін» растайды [7; 20]. Жалғаулықтардың осылай қайталанып жұмсалуды, автор пікірінше, «әр мүшені саралап, оларға ой екпінін түсіреді, ерекше мән береді» [7; 21].

Мұндай ұйғарым 2002 жылы басылған «Қазақ грамматикасына» да тән: «Бұл жалғаулық бірыңғай мүшелерді байланыстырғанда қайталанып қолданылады: *Өзі де, баласы да үндемейді. Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген жан*» [8; 558]. Алайда бұл сөйлемдердегі *да* тұлғасы – демеулік шылау. Мұндай тұжырым жасауда, жоғарыда

келтірілгендей, А.Ысқақов пен Т.Пірімбетов ұстанымын критерий етіп отырмыз және бұл критерийдің орынды екеніне сенімдіміз.

«Қазақ грамматикасында» бірыңғай мүшелерді байланыстыратын да жалғаулығының қайталанатыны жөнінде екі түрлі мысал берілген. Оның алғашқысы жоғарыдағы мысал болса, кейінгісі мынадай: *Жаза да алады, сөйлей де алады* [8; 558].

Біздіңше, соңғы мысалдағы да тұлғасы да – демеулік шылау. Ден қоярлығы – бұл шылаудың осы мысалдағы грамматикалық қызметі демеуліктен жалғаулыққа ауыса бастаған аралық кезеңі сияқты. Да тұлғасының тағы (тақы) үстеуінен қалыптасқаны жоғарыда айтылды. Кейін үстеу конъюнктуену арқылы әуелі демеулік қызметінде жұмсала бастайды, жалғаулықтық қызметі – кейіннен қосылған функциясы. Осы орайда Н.Сауранбаевтың: «...қазақ тілінде, басқа түрік тілдерінде кейінгі XVIII-XIX ғасырларға дейін жалғаулықтардың болмағандығы айқындалады. Қазіргі тіліміздегі жалғаулықтардың кейінде пайда болғандығы олардың этимологиясынан анықталады. ...Үлкен зерттеушілердің қайсысы да жалғаулықтардың бір кездерде болмайтындығын, олардың бірте-бірте жеке сөздерден, олардың жаңа синтаксистік мәнге ие болуынан пайда болғандығын дәлелдейді» [9; 56-57], – деген пікірін құптаймыз.

Сонда да шылауының күрделі етістік құрамындағы негізгі және көмекші сыңарлардың арасында жұмсалуы жеке сөздерді салаластыра байланыстыра бастаған кезеңінен сақталған үлгі болуы мүмкін. Осыдан барып бірте-бірте бірыңғай сөздерді, онда да көбіне етістік сөздерді тең дәрежеде байланыстыратын жалғаулыққа айналғанға ұқсайды. Бірақ, қалай дегенде де, жоғарыдағы мысалда (*Жаза да алады, сөйлей де алады*) демеулік екені күмәнсіз. Осыған ұқсас *Ел көзінен оңашада екеуі әзілдесіп те алады, ұрысып та алады* (Б.Майлин) сөйлеміндегі шылауды (те, та) демеулік деп қараған А.Ысқақов: «Есім сөздермен, мезгіл үстеулерімен, етістіктің көсемше, есімше және рай формаларымен тіркесіп айтылғанда оларды тәптіштеп айқындай түсу, анықтап көрсету, күшейте түсу мағынасын үстейді және ондай есім сөздер жекеше, көпше түрлерде де, тәуелдеулі, септеулі формаларда да, шырай формасында да жұмсала береді», – дейді [6; 376].

Тағы да «Қазақ грамматикасында» *Ұлпан Еснейді аяп та кетті, Еснейдің үлкен адам екендігіне қызығып та кетті* (Мүсірепов) мысалындағы да тұлғасының салалас сөйлем компоненттерін байланыстырып тұрған жалғаулық екені көрсетілсе [8; 558], *Бай ауылда жоқ мінез көріп таңданып та қояды* (Мүсірепов) сөйлеміндегі да тұлғасының демеулік екені көрсетілген [8; 562]. Шындығында, бұл сөйлемдердегі да тұлғаларының қызметінде ешбір айырмашылық жоқ, бар болғаны біріншіде қайталанып жұмсалса, екіншісінде қайталанбай жұмсалған. Дұрысында, екі сөйлемдегі да да – демеулік шылау.

1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» негізгі етістік пен көмекші етістік арасындағы да тұлғасы демеулік деп сипатталған: *Көктем егісі басталып та кетті. Керек десе үйленген күнге дейін бір-біріміздің қандай екенімізді білген де емеспіз* (Мұратбеков) [3; 237].

Осындай мысалдағы да тұлғасының үнемі демеулік болатыны жайлы ойымызды А.Ысқақовтың мына бір тұжырымы бекіте түседі: «Да (де, та, те) демеулігі күрделі етістік құрамындағы негізгі етістік пен көмекші етістік тіркесінің аралығында жұмсалып, олар арқылы айтылатын іс-әрекеттің тіпті тез, дереу болғанын білдіреді. Ондайда негізгі етістік пен көмекші етістіктер әрдайым біркелкі формада қолданылады. Мысалы: *Менің ендігі баратын жерім дайын деп, теңізге секірдім де кеттім* («Мың бір түн»)» [6; 376].

Т.Пірімбетов күрделі етістік сыңарлары арасындағы да шылауына мысал келтірмейді, алайда *Ойнаймыз да күлеміз, Тебіскен тай мен құлындай* деген сөйлемдегі да тұлғасының жалғаулық екенін дұрыс көрсетеді [4; 14].

Жоғарыда ұсынылып талданған мысалдардан және ондағы жалғаулық деп көрсетілген да тұлғаларының демеулік болып шығып отырғанынан аталған авторлардың барлығы дерлік жалғаулық біткенді демеулік деп таныған деген пікір тұмауы керек. Жалғаулыққа келтірген мысалдарының шынымен жалғаулық болатыны да жетерлік. Мысалы, М.Шаяхметовадан:

Бұдан 5 жыл бұрынғы қапыл-құпыл жанталастардың бәрі жойылыпты **да**, сенімді **де** серпінді істің қимылына көшіпті (Ғ.Мүсірепов). Мұндағы **да** тұлғалары – жалғаулық.

...Осында көшірілген, панасыз **да** жәрдемсіз оңаша қалған Күңшеге бұл жолы Омар тіпті менмен сөйлесті (Ғ.Мүсірепов) [7; 21]. Мұндағы **да** да – жалғаулық.

Р.Әміровтен: Тәкежанды орнынан алған бұйрықты осы ел ішінде құпия тапсырмамен қалып бара жатқан тілмашқа берді **де**, жүріп кетті (М.Ә.). Күндіз айнала жүйткіген жел кешке теріскейге шықты **да**, қатая түсті (С.М.). Бір-ақ ауыз сөзім бар, соны айтайын **да**, қайтайын (Ғ.М.) [2; 42]. Мұндағы **да** тұлғалары да – жалғаулық.

Алайда біз көрсеткен және грамматика теориясына арналған т.б. басылымдарда жалғаулық делініп жүрген **да** тұлғасының көбіне-көп демеулік шылау екенін айтуымыз керек. Мысалы, Одан арғыны Игілік айтқан **да** жоқ, қасындағылары сұрай алған **да** жоқ (Мүсірепов) [8; 558] сөйлеміндегі **да** салаластың сыңарларын байланыстырып тұрған жалғаулық ретінде көрсетілген. Мұнда, біріншіден, жай сөйлемдердің **да** шылауы арқылы құрмаласып тұрғанының өзі дәлелдеуді қажет етеді. Екіншіден, есімшемен тіркескен **да** тұлғасының демеулік болатыны жоғарыда айтылды. Үшіншіден, **да** тұлғасының бір конструкцияда қайталанып жұмсалуды оның демеулік екеніне меңзейді, себебі қайталау арқылы күшейту мәні қосылады, ал күшейту – демеуліктің қызметі. Төртіншіден, бұл сөйлемдегі **да** айтқан және жоқ сөздерін салаластырып тұрған жоқ т.с.с.

«...анығында, **да** шылауында экспрессивтік тұрғыдан күшейту реңкі о бастан бар. Тіпті жалғаулық шылау ретінде ыңғайластыра байланыстырып тұрғанда да байқалады. Ең бастысы, сол күшейту реңкі айқын аңғарылмауы керек. Егер тым айқындалып кетсе, яғни қайталанып жұмсалса, демеулік шылау ретіндегі сипаты басым болып кетеді. Сол сияқты, **да** шылауы сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы компоненттің шартты рай тұлғалы баяндауышымен тіркесе жұмсалып қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем жасағанда да, күшейткіш реңкі басым болып, демеулік шылау сипаты айқындала түседі» [10; 138]. Демек, Степан қанша түсіндірсе **де**, шанаға ешқайсысы мінген жоқ (Мүсірепов). Қайшылығы бола тұрса **да**, ол тамаша адам еді (Сәрсенбаев) [8; 558] деген сөйлемдердегі **да** тұлғасы да – демеулік шылау. Рас, грамматика теориясында арнайы айтыла бермегенімен, жалғаулықтардың да сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компоненттерін байланыстыратыны бар [2; 44]. Биыл балалар мектепті бітіретін болғандықтан **және** жақын жерде болыстық мектеп болмағандықтан, балаларды сынақтан өткізуге инспектор Хохловтың өзі келді (С.Көбеев). **Және** жалғаулығының бұл қызметі қазіргі қазақ тілінің синтаксисінде аталмайды. Осыған қарап алғашқы екі сөйлемдегі **да** тұлғасын жалғаулық шылау деп қабылдауға да болады, алайда жалғаулықтың бұл қызметі, біздіңше, тым кеш қалыптасқан болуы керек. Ал шартты рай тұлғасымен тіркесу арқылы қарсылықты мән үстеу – **да** тұлғасының мұнан әлдеқайда ертерек орныққан қызметі. Оның үстіне, мұндағы қарсылықты мағына күшейту мағынасынан шығып отыр, сондықтан мұны да (түсіндірсе **де**, тұрса **да**) демеулік шылау деп қарағанымыз орындырақ болмақ.

Да тұлғасының кейіннен қалыптасқан жалғаулықтық қызметі бірыңғай мүшелерді байланыстыруда біз ойлағандай белсенді емес. Т.Пірімбетов көрсеткендей, көбіне бірыңғай етістікті байланыстырады. Ал күрделі етістік сыңарлары арасындағы **да** – демеулік. Мұнан байқайтынымыз – о баста етістіктен (**тақ**) қалыптасқан **да** тұлғасының етістіктерді байланыстырудағы қызметі күрделі. Ал есім сөздерді байланыстырса, «олар тек бірыңғай мүше ретінде ғана байланысады. Олардың арасында мезгілдік қатынас болмайды. Өйткені бұл сөздер іс, қимылды білдірмейді, тек заттың бойындағы сынды, сапаны атайды: Шығыс жағымнан көк түтінге оранып, бұлдырай Керчь қаласы көрінеді. Бар дүние жансыз **да** ажарсыз (Ғ.М.) [2; 43].

Дегенмен есім сөздерді байланыстырудағы қызметінің де уақыт өте келе күрделене бастағанына бірде-бір және бір **де** бір мысалдары дәлел болатындай. Мұның алғашқысындағы **да** – демеуліктің қос сөз құрамына бірігу арқылы орфограммалануы да, кейінгісі – жалғаулықтың сан есімдерді тең дәрежеде салаластыра байланыстыруы (*ұнай бір*

де бір болды мағынасында). *Мың да тоғыз жүз жиырма алтыншы жыл* мысалындағы *да* тұлғасы да – шылаудың тілімізде кейіннен орныққан жалғаулық қызметі. Жалғаулық қызметіндегі *да* шылауы әдетте есім сөздер арасынан көбіне сын есімдерді байланыстырады, қараңыз: *Даусы ащы да қатал, зілді де кекті шығады* (Ғ.Мүсірепов).

Сонымен, Р.Әміровтің пікірінше, *да* тұлғасының жалғаулық шылау екеніне критерий – «...жалғаулық әрқашан бірыңғай мүшелердің біріншісіне тіркесіп тұрады» [2; 43]. Жалғаулықтардың тарихы мен грамматикалық функциясы жан-жақты зерттелген тұңғыш еңбек авторының осы ұстанымы грамматика теориясында күні бүгінге дейін тұғыр етіліп келе жатқанын аңғару қиын емес. Кейіннен бұл ұстанымның жаңсақ екені нақты айтылмаса да, А.Ысқақов еңбегінде жалғаулық пен демеуліктің (*да* тұлғасы жөнінде) ара-жігі арнайы ажыратылып көрсетілді және нақты мысалдар келтірілді. Осы тұста А.Ысқақов келтірген мысалдардың түгелдей дұрыс екенін қаперге саламыз. Онан беріде Т.Пірімбетов *да* тұлғасының қандай жағдайда демеулік, қандай жағдайда жалғаулық болатынын аталған мақаласында нақты да дәл сипаттайды.

Жай сөйлемді байланыстыруда тек сөйлемдер жігіндегі *да* ғана ескерілуі керек. Мысалы: *Шын бедел бар да, жалған бедел бар* (М.И.). *Сіресіп қалғандай табан аудармай кек кернеген ана тұр да, мың сұрауына бір жауап ала алмай, ызаға булығып Антонов тұр* (Ғ.М.). *Көпір біреу де, өтем деушілер мың* (Ғ.М.). *Бірақ түстен кейін жаңбыр жауды да, комбайн тоқтап қалды* (Ғ.М.).

Ал Бұл уақыттың ішінде біздің ел де өзгеріп кетті, адамдар да өзгерді (Б.Бұл.). *Күн де батты, теңіз үстінде қорғасындай басқан тұман да көтеріледі* (Ғ.М.) деген сөйлемдерде демеулік болып тұр.

Түйіндей келгенде, *да* тұлғасының демеулік не жалғаулық болуына орай ерекшелігін кесте түрінде былай көрсетіпкіз (А.Ысқақов пен Т.Пірімбетов еңбектері негізінде және мақаладағы талдау тұжырымына қарай):

«Да» демеулігі	«Да» жалғаулығы
Өзінен бұрынғы сөзбен тіркесіп жұмсалады және оған күшейту мәнін үстейді. Бірыңғай мүшенің әр сыңарында қайталанып жұмсалса, жеке сөзбен қайталанбай да тіркеседі. Сабәқтастың бағыныңқы компонент баяндауышында шартты рай тұлғасымен тіркесу арқылы оны (бағыныңқыны) басыңқымен қарсылықты мағынада байланыстырады.	Сөзге тіркеспейді, бірыңғай мүшелердің екеуіне де қатысты болады және тең байланыстырады. Көбіне бірыңғай етістік, сын есім, сан есімді байланыстырады. Сөйлемде қайталанып жұмсалмайды және салалас сыңарларының арасында тұрады.

Мағына жағынан *да*, тұлға жағынан *да* тиянақсыз *да* тұлғасының кейде сөйлемді тиянақтап тұратыны да бар. Мысалы: *Шешінген судан тайынбас дейтін, жалаңаш батырың осылар болмаса, жатақтың мүлде сорлағаны да* (Әуезов) [3; 237]. Бұл сөйлемдегі *да* тұлғасында күшейту мәні емес, нақтылау мәні бар. Сондықтан мұны нақтылау мәнді демеулік деп қараған жөн. Әдетте *да* тұлғасы мұндай қызметте (нақтылау) көбіне ауызекі сөйлеуде жұмсалады.

«Демеулік *да* (*де, та, те*) ауыспалы келер шақ формалы етістіктен соң келіп, сөйлеуші айтылған ойды тыңдаушының мақұлдауын керек ететіндігін білдіреді. Мыс.:

Сонымен іске кірісеміз *де*, жолдас жас инженер (Мұқанов). *Көпшілігі – өзіміздей жастар: олардың сауығына біз де араласайық та*. *Ташкенде оқиды да онда, – деді ол* (Мұқанов)» [3; 237]. Осындағы екінші шылаудан (*біз де*) басқасы да – нақтылау мәнді демеулік. 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» бұл сөйлемдердегі *да* тұлғасының демеулік шылау екені көрсетілген, алайда бұл мысалдардағы *да* тұлғасында күшейту мәні емес, нақтылау мәні басым екенін жоққа шығару мүмкін емес.

Жоғарыдағы талдаулардан белгілі болғандай, шылаулардың грамматикалық әлеуеті алуан түрлі және уақытпен бірге дами беретін, қызмет аясы кеңі беретін динамикалық сипат тән. Бұған бір ғана да тұлғасына жасалған шағын талдау арқылы көз жеткізіп отырмыз. Ендеше шылаулардың грамматикалық функциясын нормативті деңгейде қайта қарауға қажеттілік бар. Бұл жайт қазіргі қазақ грамматикасының теориясы жайлы біраз жайды аңғартса керек.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1 Тектіғұл Ж.О. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Оқулық. – Алматы: MV-Print, 2012. – 500 б.
- 2 Әміров Р. Қазақ тіліндегі жалғаулықтар. – Алматы: 1959. – 70 б.
- 3 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. Т.1. / Жауапты ред: Н.Ысқақова. – Алматы: Ғылым, 1967. – 264 б.
- 4 Пірімбетов Т.Т., Ахметова А.А. Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №4(80) – Б.11-16.
- 5 Исаев С.М. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 208 б.
- 6 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 7 Шаяхметова М.Х. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультеттеріне арналған әдістемелік әзірleme. – Алматы: Кітап, 1980. – 107 б.
- 8 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / Жауапты ред.: Е.Жанпейісов. – Астана, 2002. – 784 б.
- 9 Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 134 б.
- 10 Баймұрынов Ж. Жалғаулық шылаулардың синтаксистік қызметі / Қазақ-башқұрт филологиясы. Ұжымдық монография. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2017. – Б.125-158.